Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алуды өткізудің НЕГІЗДЕМЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі " "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына» Жолдауының «Бірінші бағдар. Жаңа экономикалық саясат» жолдауында «*Мемлекеттен көмек алатын бизнес өкілдерін анықтайтын автоматты жүйе енгізіледі. Мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасалады. Бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы басты назарда болады*.» деген халыққа үндеуі нақты айтылған.

2022-2024 жылдар аралығында тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрау және ашық конкурс тәсілдерімен сатып алынды. Тәжірибе көрсеткендей, сатып алынатын тауарлар мен қызметтер сапасыз болды, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе біржолғы және ай сайынғы қызметтерді жеткізушілер байланысқа шықпады, үзілістермен қызмет көрсетті, сапалы емес тауарлар жеткізді, осылайша мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтірді, өйткені мекеменің мемлекеттік кәсіпорындары мемлекет атынан әрекет етеді. Төмен бағалар мен тауарлар мен қызметтердің сапасының төмендігі салдарынан Мемлекеттік сатып алу шарттары бұзылды, сатып алудың жаңа процедуралары жүргізілді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың қажетті нәтижелеріне әкелмеді. Сатып алуды қайта өткізу сатып алу мерзімдерінің кешеуілдеуіне және қаралған қаражатының игерілмеуіне алып келді. Бұл рейтингтерге және заттай және заттай емес нәтижесі бар тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға кері әсерін тигізді. Шағын сомалар бойынша сатып алуды жүргізу сапасыз және жосықсыз өнім берушілер санының артуына, сондай-ақ артық әкімшілік сот ісін жүргізудің пайда болуына әкелді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының 5-бабы 1-тармағының 1-тармақшасының негізінде ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасының